

***Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын
іске асыруда өтпелі тақырыптар бойынша
«Еркем-ай» ересектер тобының
перспективалық жоспары***

Тәрбиеші: Н.Сайдова



мектеп директоры
Ж.Байжанов

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ
ТАҚЫРЫПТАР бойынша «Еркем-ай» ересектер тобының
перспективалық жоспары**

2023-2024 оқу жылы

2023-2024оқу жылындағы «Еркем-ай»ересектер тобында ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

Білім беру саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Коммуникация 2,5	2.Сөйлеуді дамыту/1/	1.Көркем әдебиет 0,5/1-3/ 2.Орыс тілі 0,5/2-4/			2.Драма/2-4/
Таным 2,5		1.Қарапайым математика /1апта/		3.Құрастыру 0,5(2-4апта) 3.Жаратылыстану /1/	
Әлеуметтік 0,5			3.Экалогия0,25/2/ 4.Қоршаған орта 0,25/3/		
Денсаулық 3	1.Дене шынықтыру/1/	3.Музыка 0,5/2-4/		2.Дене шынықтыру/1/	1.Дене шынықтыру/1/
Шығармашылық 3,5	2.Музыка/1/		2.Сурет	Музыка /1/	2.Мүсіндеу0,5/1-3/ 2.Жапсыру0,5/2-4/
Вариативтік бөлім				«Ертегілер елінде» /1/	

Ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі-12 сағат

Оқу қызметінің ұзақтығы-15-20 минут

Вариативтік компонент-1 сағат

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Ересектер тобы қыркүйек айы 2023жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - Бір қалыпты , аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіруге дағдыландыру; - Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қолмен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтауды қалыптастыру; - Бір қалыпты , аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіруге дағдыландыру; - Түрлі ұлттық қимылды ойындарды, жарыс сипатындағы ойындарды өткізу;
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен , заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру; - Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру - Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту; - Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен , заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға , диалогты сөйлеуге кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету; - Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту;

		- Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға , диалогты сөйлеуге кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету;
	Математика	- 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру; -Әртүрлі түстен , өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; - Тендік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру; -Әртүрлі түстен , өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;
	Қоршаған ортамен таныстыру	- Қоршаған ортадағы заттардың қолданысы,құрылысы,материалы арасындағы байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру; -Балалардың заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру; -Балаларға ұлттық киімдерді дайындау және ұлттық құндылықтарды ұғымын қалыптастыру;
	Құрастыру	- Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп,бұрыштарды және қырларды біріктіруге,детальдың негізгі түріне желімдеу; - Құрылыс материалдарынан құрастыру,орналастыру тәсілдерін қолдана отырып , пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдеңнен орналастыру дағдысын қалыптастыру;
	Сурет салу	- Әртүрлі бағыттағы тура сызықтармен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету; - Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. - Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. - Бояулармен ,қарындаштармен, борлармен,дәстүрлі және дәстүрден

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Ересектер тобы қазан айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; - Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру, сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүгіру. - Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру; - Домалату, қағып алу, лақтыру. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; - Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолдану. - Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру;
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. - Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту; - Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу; - Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау;
	Математика	<ul style="list-style-type: none"> - Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. - Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. - Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды

	<p>үйрету;</p> <p>-Салыстырылатын топтар : бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес;</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>- Қоршаған ортадағы заттардың қолданысы,құрылысы,материалы арасындағы байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>-Мамандықтар және ересектердің еңбегі туралы;</p> <p>-Мемлекеттік рәміздер туралы (Ту,Елтаңба,Әнұран) білімдерін қалыптастыру</p> <p>-Телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру.</p>
Құрастыру	<p>- Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді , бөлшектерді көлденеңінен орналастыру;</p> <p>-Сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру;</p> <p>-Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.</p> <p>-Конструктор бөлшектерінен құрастыру.</p>
Сурет салу	<p>-Дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту.</p> <p>-Бояулармен,қарындаштармен ,борлармен сурет салу техникасын жетілдіру.</p> <p>-Дәстүрлі және дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын жетілдіру.</p>
Мүсіндеу	<p>-Ермексаздың, сазбалшықтың,қамырдың кесектерінен дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелерді мүсіндеу</p> <p>-Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән крекшеліктерін ескере отырып,үлгі мен елестетуі бойынша мүсіндеу</p>
Жапсыру	<p>-Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру.</p> <p>-Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге ,желімді,сүлгіні қолдануды</p>

		<p>үйрету.</p> <p>-Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.</p>
	Музыка	<p>- Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету;</p> <p>-Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу;</p> <p>-Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектер тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Денешынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. 2. Тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық скамейканың бойымен жүру. 3. бір орында тұрып, қос аяқпен секіру,</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. сапта бір бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру 2. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап енбектейді 3. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. 2. арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру 3. заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес)</p>

		<p>4- апта Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. 2. бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру 3. табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағанды еңбектеу</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>- Дауыссыздыбыстарды дұрыс айтуға дағдыларын бекіту, ызын және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. - Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. - Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. - Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>- Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. - Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға қалыптастыру - Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
	Қазақ тілі	<p>- Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. - Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін белмей, кезекпен сөйлеуге қалыптастыру. - Бейнелеу құралдарын қолдана отырып еркін ойындарда және сахналық</p>

		тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру;
	Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - Балаларды тұрмысты қ заттармен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету; -Ермексаздың ,сазбалшықтың,камырдың кесектерінен мүсіндеудің дағдыларын қалыптастыру; -Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеуге дағдыландыру; -Пропорцияны сақтап,саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеуге дағдыландыру;
	Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> -Текшеден дөңгелек пішін,тік бұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға , ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге , желімді , сүлгіні қолдануды үйрету; -Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жапсыруға үйрету -Түзу сызықпен алдымен қысқа сонан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету; -Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;
	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Би қимылдары,ойындық музыкалық қимылдарды дағдыларын қалыптастыру; -Музыканың көңіл-күйін ажыратуға,сипатына қимымен жауап беруге дағдыландыру. -Би қимылдары,ойындық музыкалық қимылдарды дағдыларын қалыптастыру; -Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдауын меңгерту

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектертобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Денешынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. 2. Тепе-теңдікті сақтай отырып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтіп жүру. 3. құрсаудан еңбектеп өту</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру 2. 50 сантиметр биіктікте ілінген арканның астынан еңбектеу; 3. бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру 2. гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу 3. Тепе-теңдікті сақтай отырып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтіп жүру.</p> <p>4- апта</p>

		<p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. 2. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру 3. допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтырып (1,5 метр қашықтықта) қағып алу
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор</p> <ul style="list-style-type: none"> - Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектеріне, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. - Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.
	Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау - Шығарманың мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға қалыптастыру - Автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру - Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
		<ul style="list-style-type: none"> - Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді

		баулу.
	Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, - «Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. - 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.
	Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Менің Отаным – Қазақстан</p> <ul style="list-style-type: none"> - Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. - Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. <p>Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p>
	Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, - Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру
	Сурет салу	<p>Сюжетті композицияларды салу</p> <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту</p>
	Мүсіндеу	Өртүрлі пішіндегі заттарды мүсіндеу

	Жапсыру	<p>- Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.</p>
	Музыка	<p>-Әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау</p> <p>-Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау;</p> <p>-Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектер тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. 2. Тепе-теңдікті сақтай отырып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтіп жүру. 3. төбешіктен сырғанау</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру 2. 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 3. бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру 2. гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу 3. бір-бірін сырғанату</p> <p>4- апта Негізгі қимылдар:</p>

		<p>1. қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап үрленген доңғардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p>2. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру</p> <p>3. допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтырып (1,5 метр қашықтықта) қағып алу</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>- Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> <p>- Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жанпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>- Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>- Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p>- Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
	Қазақ тілі	<p>- Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «өкпеге», «өкпеге», «нағашы», «өкпеге», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Қарым – қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>- Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p>
	Математика негіздері	Шама

		<ul style="list-style-type: none"> - Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. - Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру - Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. - Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
	Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Еңбекке баулу</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. - Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. - Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. - Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.
	Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыру - Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру

		- «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	Сурет салу	- Сюжетті композицияларды салу - Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.
	Мүсіндеу	- Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. - Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу - Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
	Жапсыру	- Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру - Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
	Музыка	- Өртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру; - Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Дина Нұрпейісованың шығармаларымен таныстыру. - Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету; - музыканы ырғаққа ілесіп айтуды дағдыландыру. Әннің сипатын, мазмұнын айтуға үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектер тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Денешынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру 2. Тепе-теңдікті сақтай отырып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтіп жүру. 3. бір-бірін сырғанату</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. 2. құрсаудан еңбектеп өту 3. аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру,</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан) 2. аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру,</p>

		<p>3. бір-бірін сырғанату</p> <p>4- апта</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>1. қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p>2. 20–25 сантиметр биіктіктен секіру</p> <p>3. допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>- Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету</p> <p>- Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету</p> <p>- Зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға қалыптастыру</p> <p>- Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p>
	Көркем әдебиет	<p>- Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p>- Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу</p> <p>- Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен танысты</p> <p>- Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу</p>
	Қазақ тілі	<p>-Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.</p> <p>-Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.</p> <p>-Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, такпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p>

		-Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу
	Математика негіздері	<p>Геометриялық фигуралар</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, аттай білуге үйрету - Геометриялық пішіндерді көру және тигіп сезу арқылы зерттеу - Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).
	Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. - Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. - Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында том, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. - Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.
	Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
	Сурет салу	- Сәндік – қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту

		<p>-Сюжетті композицияларды салу,сабын көпіршіктері</p> <p>-Заттардың пішіні:дөңгелек, сопақ,шаршы,тікбұрыш,үшбұрыш,көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту</p>
	Мүсіндеу	<p>-Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.Білезікті мүсіндеу</p> <p>-Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу</p> <p>-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
	Жапсыру	<p>- Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p> <p>- Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Музыка	<p>-Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру,дауыстап және төмен дауыспен ән салу,қол қозғалысымен көрсету</p> <p>-Марш сипатынырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;</p> <p>-Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектер тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Денешынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. 2. Тепе-теңдікті сақтай отырып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өтіп жүру. 3. құрсаудан еңбектеп өту</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. 2. заттардың арасымен доптарды лақтырады 3. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұрады</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап, жүреді 2. алға ұмтылып, ұзындыққа қос аяқпен секіреді; 3. Құрсауларды бір-біріне домалатады</p>

		<p>4- апта</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. арқанның бойымен теңе-теңдікті сақтап, жүреді; 2. доптарды кедергілер арқылы домалатады; 3. табан мен алақанға сүйеніп, төрттараңдап теңбегтейді;
	Сөйлеуді дамыту	<p>- Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру</p> <p>- Қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонаққаде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу</p> <p>дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді құрметтеу, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>- Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға баулу.</p> <p>- Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға қалыптастыру.</p> <p>- Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын езілгінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (катыгез-мейрамді, иекөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
	Қазақ тілі	<p>- Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p>- Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру</p>
	Математика негіздері	<p>Геометриялық фигуралар</p> <p>- Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету</p> <p>- Геометриялық пішіндерді көру және сипат сезу арқылы зерттеу</p> <p>- Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау</p>

		(ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).
	Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Өсімдіктер әлемі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. - Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. - Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман-бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман). - Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәnniң түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру.
	Сурет салу	-Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту
	Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. - Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру.

		<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. - Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	- Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
	Музыка	<p>-Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен,қимылды музыкамен сәйкестендіру,музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту</p> <p>-Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету,музыканың кіріспесін ажырату,содан кейін қимылды бастау,музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру,би қимылдарын ,билерді,ойындардыесте сақтау</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектер тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Денешынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; 2. әртүрлі бағытта жүгіреді; 3. бір орында тұрып, қос аяқпен секіру,</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. сапта бір бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру 2. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектейді 3. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. заттардың арасымен доптарды, бір-біріне домалату. 2. арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру 3. заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес)</p> <p>4- апта Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді.</p>

		<p>2. гимнастикалық скамейкадан аттап өту.</p> <p>3. 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>- Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>- Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға қалыптастыру.</p> <p>- Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға баулу.</p> <p>- Бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>- Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға дағдыландыру.</p> <p>- Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
	Қазақ тілі	<p>- Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>- Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету</p> <p>- Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>- Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p>
	Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p> <p>Уақытты бағдарлау</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері</p>

		мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
	Қоршаған ортаментаныстыру	<p>Жануарлар әлемі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. - Қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытады; - Қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды. - Туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
	Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
	Сурет салу	<p>«қошқар мүйіз» «қой ізі» «құс тұмсық» «бота мойын» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p>
	Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p>
	Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> - Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. <p>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
	Музыка	<p>- Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажырата білу, музыканың</p>

		<p>сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу;</p> <p>-Балалардың музыка тыңдау дағдысын қалыптастыру, ойлау, қиялдау қабілетін дамыту.</p> <p>-Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.</p> <p>-Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>
--	--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Тобы: «Еркем-ай» ересектер тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Денешынықтыру	<p>1-Апта Негізгі қимылдар: 1. өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүреді; 2. Тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық скамейканың, бойымен жүру. 3. қысқа секіргішпен секіру.</p> <p>2- апта Негізгі қимылдар: 1. Сапта бір бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру 2. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектейді 3. араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>3- апта Негізгі қимылдар: 1. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру 2. арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру 3. үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5—6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p>4- апта</p>

	Негізгі қимылдар: 1. Бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді. 2. қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру 3. үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.
Сөйлеуді дамыту	- Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	- Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	- Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге дағдыландыру. - Өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. - Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету - Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау

	<p>- Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p> <p>Уақытты бағдарлау</p> <p>- Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Қоршаған ортаментаныстыру	<p>- Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.</p> <p>- Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.</p> <p>- Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>
Құрастыру	<p>- Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p> <p>- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
Сурет салу	<p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың</p>

		арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	- Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. - Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. -Шығармашылық қиялды дамыту. -Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Музыка	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау , Таныс әндерді орындауда түрлі балалар музыкалық аспаптарын қолдану. Билер: 1) музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты, қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану; -Би қозғалыстарының, ойындар мен хор атауларын білу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен хор айтып жүру, қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, қол орамалды баяу бұлғау, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүру, көңілді билеу; -Балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау; -Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

		арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	- Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. - Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. -Шығармашылық қиялды дамыту. -Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Музыка	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау , Таныс әндерді орындауда түрлі балалар музыкалық аспаптарын қолдану. Билер: 1) музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты, қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану; -Би қозғалыстарының, ойындар мен хор атауларын білу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен хор айтып жүру, қозғалысты өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, қол орамалды баяу бұлғау, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүру, көңілді билеу; -Балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау; -Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.